

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыратын
филиалдарының басшы лауазымдарына кадр резервін қалыптастыру
ережелері**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыратын филиалдарында (бұдан әрі – Филиалдар) басшы лауазымдарға (бұдан әрі – кадр резерві) кадр резервін қалыптастыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – ДББҰ) қызметкерлері қатарынан кадрлық резервті қалыптастырудың шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Кадрлық резервті қалыптастырудың негізгі қағидалары жариялылық, ашықтық және тең мүмкіндіктер болып табылады.

3. Кадр резервін қалыптастыруды Филиалдардағы кадр резервін қалыптастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) кадр резервіне іріктеу (бұдан әрі - Іріктеу) арқылы жүзеге асырады.

4. Үміткерлермен әңгімелесу және басшы лауазымдарға кадр резервінің тізімін қалыптастыру бойынша отырыстар өткізу Комиссияның негізгі функциясы болып табылады.

5. Комиссия құрамы департаменттердің директорларынан, ДББҰ Басқарма төрағасының орынбасарларынан, тартылған сарапшылардан құрылады және оны ДББҰ Басқарма төрағасы бекітеді. ДББҰ Басқарма төрағасы Комиссия төрағасы болып табылады. Комиссияның қызметіне төраға басшылық жасайды. Комиссия төрағасы болмаған кезде оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары орындайды. Хатшы комиссия отырыстарын ұйымдастырады, отырыстың хаттамасын жасайды, комиссияның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге құқығы жоқ.

6. ДББҰ білім беру қызметін жүзеге асыратын филиалдарына басшылық лауазымдарға кадрлық резервті қалыптастыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше жұмыс органы болып табылады.

7. Филиалдардағы басшы лауазымдарға директор мен директордың орынбасары жатады.

2-тарау. Кадрлар резервіне іріктеу тәртібі

8. Іріктеуді ұйымдастыру тәртібі:

- 1) іріктеу жүргізілетіні туралы хабарландыру;
- 2) ДББҰ ресми сайтында (career.nis.edu.kz платформасында) қатысу өтінімдерді тіркеу;
- 3) басқару дағдыларын дамытуға бойынша оқыту;
- 4) үміткерлердің қабілетін тестілеу;

5) үміткерлерді бағалау үшін кәсіби қоғамдастықта корпоративті сауалнама жүргізу;

6) үміткерлермен әңгімелесу өткізу;

7) кадрлық резервке ұсыну шешімін қабылдау бойынша отырыс.

9. Кадрлық резервке іріктеу жүргізу туралы хабарландыру жұмыс органы тарапынан ДББҰ-ның ресми интернет ресурсында жарияланады.

10. ДББҰ-ның ресми интернет ресурсына (Career NIS платформасы) үміткердердің өтінімдерін қабылдау өтінімдерді толтыру және құжаттарды жүктеу арқылы жүргізіледі. Өтінімдерді қабылдау іріктеу жүргізу туралы хабарландырудан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

11. Іріктеуге мынадай үміткерлер қатыса алады:

- Қазақстан Республикасының азаматтығы бар;

- жоғары педагогикалық, сәйкес профильдер бойынша (жоғары оқу орны және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының базасында педагогикалық қайта даярлауды өткен) жоғары кәсіби және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар;

- педагогика немесе профильді бағыттар және/немесе білімді басқару бойынша магистр академиялық дәрежесі бар;

- ДББҰ жүйесінде педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл немесе «Болашақ» бағдарламасының түлектері үшін ДББҰ жүйесінде педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 2 (екі) жыл;

- педагогикалық шеберлік деңгейі «мұғалім-модератор NIS» төмен емес;

- ДББҰ жүйесінде директордың орынбасары немесе әдістемелік бірлестіктің басшысы, немесе бөлім басшысы лауазымында жұмыс өтілі кемінде 2 (екі) жыл немесе «Болашақ» бағдарламасының түлектері үшін ДББҰ жүйесінде директордың орынбасары немесе әдістемелік бірлестіктің басшысы, немесе бөлім басшысы лауазымында жұмыс өтілі кемінде 1 (бір) жыл;

- мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі КазТест сертификатына сәйкес B2 «ортадан жоғары» және одан жоғары;

- ағылшын тілін меңгеру деңгейі IELTS сертификатына сәйкес 5.5 және одан жоғары;

- білім беру бағдарламаларын және/немесе бағалау құралдарын әзірлеу және/немесе сараптау тәжірибесіне артықшылық беріледі;

- тренер сертификатына артықшылық беріледі;

- Scopus базасына кіретін және/немесе Web of Science Core Collection базасында индекстелетін, Journal Citation Report бойынша импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда және/немесе Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласында сапаны бағалау комитеті ұсынған журналдарда, немесе білім беру бойынша халықаралық конференциялардың жинақтарындағы жарияланған еңбектерге артықшылық беріледі

12. Жұмыс органы осы Ережелердің 11-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес әңгімелесуге

қатысуға үміткерлердің тізімін қалыптастырады және үміткерлерге кері байланыс ұсынылады.

13. Комиссия үміткерлермен интервью, жағдаяттық тапсырма және/немесе эссені сараптамалық бағалауды қамтитын әңгімелесуді өткізеді. Әңгімелесу барысы осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес хаттамамен рәсімделеді.

14. Үміткердің әңгімелесуді аудио/бейнежазбаға келісімі осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

15. Комиссия әңгімелесу нәтижелері бойынша кадр резервінің тізімін қалыптастыру туралы шешім қабылдау үшін отырыс өткізеді.

16. Егер Комиссия мүшелерінің жалпы құрамының үштен екісі отырысқа қатысса, онда Комиссия отырысы өтті және қабылданған шешім заңды деп есептеледі. Дауыс беру нәтижелері қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен анықталады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

17. Комиссия отырысы осы Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес хаттамамен рәсімделеді.

18. Әңгімелесулер мен комиссия отырысы екі жыл бойы ДББҰ жұмыс органында сақталатын аудио немесе бейнежазбамен сүйемелденеді.

19. Жұмыс органы үміткерлерді комиссияның шешімі туралы 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

20. Кадр резервінде болу мерзімі 2 (екі) жыл.

21. Үміткер ұсынған мәліметтерде жалған ақпарат анықталған жағдайда қызметкерді кадр резервінің тізімінен шығару жүзеге асырылады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыратын филиалдарына басшылық қызметке кадрлық резервті қалыптастыру ережелеріне

1-қосымша

Кесте 1. Оқытуға қатысушы үміткерлер тізімі

№	Үміткердің ФИО	Қазіргі лауазымы	Жарияланған лауазым

Кадрлық резервті қалыптастыру комиссиясының хатшысы _____

Кесте 2. Тестілеуге қатысушы үміткерлер тізімі

№	Үміткердің ФИО	Қазіргі лауазымы	Жарияланған лауазым

Кадрлық резервті қалыптастыру комиссиясының хатшысы _____

Кесте 3. Корпоративті сауалнамаға қатысушы үміткерлер тізімі

№	Үміткердің ФИО	Қазіргі лауазымы	Жарияланған лауазым

Кадрлық резервті қалыптастыру комиссиясының хатшысы _____

Кесте 4. Әңгімелесуге қатысушы үміткерлер тізімі

№	Үміткердің ФИО	Қазіргі лауазымы	Жарияланған лауазым

Кадрлық резервті қалыптастыру комиссиясының хатшысы _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыратын филиалдарына басшылық қызметке кадрлық резервті қалыптастыру ережелеріне

2-қосымша

Формасы

Әңгімелесу хаттамасы

«___» _____ 20___ ж.

Қатысты:

Комиссия төрағасы: _____ (Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері:

1 _____ (Т.А.Ә.)

2 _____ (Т.А.Ә.)

3 _____ (Т.А.Ә.)

4 _____ (Т.А.Ә.)

5 _____ (Т.А.Ә.)

6 _____ (Т.А.Ә.)

Әңгімелесу барысында үміткермен аудио және/немесе видео жазба жүргізілді.

1) Үміткердің ТАӘ _____

Үміткерге қойылған сұрақтар, жағдаятты тапсырмалар және/немесе эссе

1) _____

2) _____

Комиссия төрағасы: _____ (қолы, Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері:

1 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

2 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

3 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

4 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

5 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

6 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

Комиссия хатшысы: _____ (қолы, Т.А.Ә.)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыратын филиалдарына басшылық қызметке кадрлық резервті қалыптастыру ережелеріне

3-қосымша

Формасы

Үміткердің әңгімелесуді аудио/видео жазбаға келісімі

«__» _____ 20__ ж.

Мен,

(үміткердің ТАӘ)

Жеке басын куәландыратын құжат _____
берілді _____

Әңгімелесуді аудио/видео жазбаға келісім беремін

Қолы: _____

Күні _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыратын филиалдарына басшылық қызметке кадрлық резервті қалыптастыру ережелеріне

4-қосымша

Формасы

Комиссия отырысының хаттамасы

«__» _____ 20__ ж.

Қатысты:

Комиссия төрағасы: _____ (Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері:

1 _____ (Т.А.Ә.)

2 _____ (Т.А.Ә.)

3 _____ (Т.А.Ә.)

4 _____ (Т.А.Ә.)

5 _____ (Т.А.Ә.)

6 _____ (Т.А.Ә.)

Комиссия кадр резерв тізімін бекіту туралы шешім қабылдады:

№	Т.А.Ә.	Ұсынылған лауазым

Комиссия төрағасы: _____ (қолы, Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері:

1 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

2 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

3 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

4 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

5 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

6 _____ (қолы, Т.А.Ә.)

Комиссия хатшысы: _____ (қолы, Т.А.Ә.)